e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 12.08.2019
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 12.08.2019
Дата скачивания 29.03.2024

Дәмді ауылдық округінің әкімі

Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 12 қыркүйекте № 8037 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 12 тамыздағы № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Аким Дамдинского сельского округа

Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің Мереке ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округі әкімінің 12.08.2019 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Күші жойылған

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 2-тармағына, «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі басшысының 2018 жылғы 4 маусымдағы № 01-19/204 ұсынысы негізінде Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округінің Мереке ауылының аумағында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код
ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

2. «Науырзым ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Науырзым аудандық қоғамдық Денсаулық сақтау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. «Науырзым ауданы Дәмді ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Дәмді ауылдық округінің әкімі **С. Оразбаев**

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Науырзым аудандық аумақтық инспекциясы»

Күші жойылған

мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Е.У. Бижанов
2018 жылы «11» қыркүйек

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Науырзым аудандық қоғамдық Денсаулық сақтау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ А.Х. Аңсағаев
2018 жылы «11» қыркүйек

«КЕЛІСІЛДІ»
«Науырзым ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ С.Ғ. Олжабаев
2018 жылы «11» қыркүйек

Күші жойылған